

INTERNATIONAL
SCIENCE REVIEWS



№1 (2) 2021

Social Sciences series



International Science Reviews

Social Sciences series

Published since 2020

No. 1 (2) / 2021

Nur-Sultan

EDITOR-IN-CHIEF:

Doctor of Historical Sciences, Professor
Shaikhutdinov M.Y.

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF

Doctor of Jurisprudence, Professor
Amandykova S.K.

EDITORIAL BOARD:

- | | | |
|--------------------------------------|---|--|
| Irsaliyev S. A. | - | Candidate of Agricultural Sciences, President AIU, (Kazakhstan) |
| Sarsenbay N. A. | - | Candidate of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Somzhurek B.Zh. | - | Candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| Amandykova S.K. | - | Doctor of Jurisprudence, Professor (Kazakhstan) |
| Kazhyken M. Z. | - | Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Toxanova A.N. | - | Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Akhmadiyeva Zh.K. | - | Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor (Kazakhstan) |
| Laumulin M. T. | - | Doctor of Political Sciences, (Kazakhstan) |
| Orlova O.S. | - | Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Russia) |
| Jacek Zaleśny | - | Doctor of Jurisprudence, Professor (Poland) |
| Francisco Javier Diaz Revorio | - | Dr. hab., Professor (Spain) |
| László Károly Marác | - | PhD (The Netherlands) |
| Verbitskiy A.A. | - | Doctor of Pedagogy, Academician of the Russian Academy of Education (Russia) |

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: social-sciences@aiu.kz

International Science Reviews**Social Sciences series**

Owner: Astana International University

Periodicity: quarterly

Circulation: 500 copies

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series No 1**

МАЗМҰНЫ

**Секция
ҚҰҚЫҚ**

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Тхабисимова Л.А., Арзуманова С.М.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТІКЕЛЕЙ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ КЕЙБІР
МӘСЕЛЕЛЕРІ10

Алип Кенжетай, Хайрмуханмедов Н.И.

ҚАЗАҚСТАНДА СОТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАНУЫ ЖӘНЕ
ТАҒАЙЫНДАЛУ ЖҮЙЕСІ.....18

Тхабисимов Х.А.

ИНТЕРНЕТТЕГІ ТОПТЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.....29

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

Есиркепова М.М.

ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЕҢБЕК СТАНДАРТТАРЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЗАҢНАМАСЫНА ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ.....35

АҚПАРАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ

Джакенов Х.Ж.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ
ПАЙДАЛАНУ.....40

БІЛІМ БЕРУ

Жанабаев И.Н., Ибатаев Ж.А.,

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЫНТАЛАНДЫРУҒА АР-НАЛҒАН
ЖОБАЛЫҚ-НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....47

Зампай Қ.

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ.....55

Г.Тынай, Р.Қ. Нұрбекова, К.С. Калиева

ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ УАҚЫТША ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУ
МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ АЛТАЙДАҒЫ ӘСКЕРИ ІС-ҚИМЫЛДАР.....62

ОТАНДЫҚ ӘРІПТЕСТЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**Ермекбай Е.Н.**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ АЙҚЫН БАҒЫТЫ – ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ.....71

Түргинбаева А.Н., Кабенова Г.Г.

КАЗНУ – УВЕРЕННОСТЬ В БУДУЩЕМ!.....73

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»**Social Sciences Series No 1****СОДЕРЖАНИЕ****Секция****ПРАВО****КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО****Тхабисимова Л.А., Арзуманова С.М.**

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРЯМОЙ ДЕМОКРАТИИ В УСЛОВИЯХ
ЦИФРОВИЗАЦИИ.....10

Алип Кенжетай, Хайрмуханмедов Н.И.

ПРИЕМ СУДЕЙ К ПРОФЕССИИ И ИХ СИСТЕМА НАЗНАЧЕНИЯ В
КАЗАХСТАНЕ: ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ.....18

Тхабисимов Х.А.

КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ МАССОВЫХ
АКЦИЙ В ИНТЕРНЕТЕ.....29

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО**Есиркепова М.М.**

МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ ТРУДА В ОБЛАСТИ ОХРАНЫ ТРУДА
МОЛОДЕЖИ: ИМПЛЕМЕНТАЦИЯ В НАЦИОНАЛЬНОЕ
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЗАЩИТА.....35

ИНФОРМАЦИОННОЕ ПРАВО**Джакенов Х.Ж.**

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В
ЮРИДИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....40

ОБРАЗОВАНИЕ**Жанабаев И.Н., Ибатаев Ж.А.,**

ПРОЕКТНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ МОТИВАЦИИ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА УЧЕНИКОВ.....47

Зампай Қ.

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ХИМИИ.....55

Г.Тынай, Р.К. Нурбекова, К.С. Калиева

ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ВРЕМЕННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ ВОСТОЧНЫЙ ТУРКЕСТАН И БОЕВЫЕ ДЕЙСТВИЯ НА АЛТАЕ.....62

СОТРУДНИЧЕСТВО С ОТЕЧЕСТВЕННЫМИ ПАРТНЕРАМИ

Ермекбай Е.Н.

ПЕРСПЕКТИВНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА - КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ.....71

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series No 1**

CONTENT

**Section
LAW**

CONSTITUTIONAL LAW

Tkhabisimova L.A., Arzumanova S.M.

SOME ISSUES OF DIRECT DEMOCRACY IN THE CONTEXT OF
DIGITALIZATION.....10

Alip Kyenjetay, Khairmukhanmedov Nurbek

JUDGES ACCEPTANCE INTO PROFESSIONS AND THEIR APPOINTMENT
SYSTEM IN KAZAKHSTAN.....18

Tkhabisimov H.A.

CONSTITUTIONAL AND LEGAL REGULATION OF PUBLIC EVENTS ON
THE INTERNET.....29

INTERNATIONAL LAW

Yessirkepova Madina

INTERNATIONAL STANDARDS IN THE FIELD OF YOUTH EMPLOYMENT
PROTECTION AND THEIR IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN'S
LABOR LEGISLATION.....35

INFORMATION LAW

Jakenov Khassen

THE USE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN LEGAL ACTIVITY.....40

EDUCATION

Zhanabayev I.N., Ibatayev Zh.A.

PROJECT – BASED LEARNING METHODOLOGY DESIGNED FOR
MOTIVATION FORMATION IN EDUCATIONAL PROCESS OF
STUDENTS.....47

Zampay Quralay

DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS IN THE
STUDY OF CHEMISTRY.....55

G. Tynay, R.K. Nurbekova, K.S. Kaliyeva

FORMATION OF THE PROVISIONAL GOVERNMENT OF THE REPUBLIC
OF EAST TURKESTAN AND MILITARY OPERATIONS IN ALTAI.....62

COOPERATION WITH DOMESTIC PARTNERS**Esbolat Yermekbay**

THE STRONG DIRECTION OF COOPERATION - AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY.....71

ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ УАҚЫТША ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ АЛТАЙДАҒЫ ӘСКЕРИ ІС-ҚИМЫЛДАР

Г.Тынай¹, Р.Қ. Нұрбекова², К.С. Калиева³

¹ «Тарих» мамандығының 2 курс магистранты, Gulmira.kz_91@mail.ru

²Т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының доценті.

³С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
РФ және ҚР т.ғ.к., Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының
доценті, kskalieva@mail.ru, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық
университеті, Өскемен, Қазақстан

Аңдатпа: Шығыс Түркістан Республикасының Уақытша үкіметін қалыптастыру және XX ғасырдың 40-жылдарындағы Алтайдағы әскери іс-қимылдар мәселелері қаралды. Тарихи деректер негізінде Шығыс Түркістан Республикасының құрылу тарихында маңызды рөл атқарған Оспан батырдың басшылығымен Алтай қазақтары мен басқа да түркі-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының дамуы көрсетілген.

Кілтті сөздер: Шығыс Туркестан, ұлттық-азаттық қозғалыс, Оспан Батыр, КСРО саясаты, Кеңес-Қытай қарым-қатынастары.

КІРІСПЕ. 1944 жылдың тамыз айында Іленің Нылқы ауданында Әкбар Есбосынұлы мен Сейіт батыр бастаған партизандар үкімет әскерлерінің шабуылын тойтарып, алғашқы жеңіске жетті. Үш аймақ төңкерісі басталды. 1944 жылы 7-12 қарашада олар Құлжадағы Әбдікәрім Аббасов бастаған ұйғыр партизандарымен бірлесе отырып, қаланы гоминьдандықтардан толық азат етті. «Құлжа азаттық ұйымы» ұйғыр, қазақ және қырғыз жастары қатысқан үлкен жиналыс өткізіп, Шығыс Түркістан Республикасы уақытша үкіметінің құрылғанын жариялады. Республика туы ортасында сары түсті ай, жұлдыз салынған жасыл ту болып белгіленді. Әлихан төре үкімет төрағасы, Әшімбек қожа оның орынбасары болып сайланды. Ішінде қазақтан Әбілқайыр Рабатұлы бар он алты адамнан тұратын жергілікті үкімет құрылды [1, 87].

ЗЕРТТЕУ. 1945 жылы 5 қаңтарда Шығыс Түркістан Республикасы уақытша үкіметі мүшелерінің мәжілісінде Үкіметтің бас бағдарламасы қабылданды. Онда Шығыс Түркістан аумағында Қытай үстемдігін жою; аумақтағы жергілікті халықтардың тең дәрежелі болуы негізінде еркіндік алған дербес мемлекет құру; Шығыс Түркістанда өнеркәсіпті, егін шаруашылығын, мал шаруашылығын және жеке сауданы дамыту арқылы халықтың тұрмыстық дәрежесін жоғарылату жолында тоғыз түрлі мақсат қойылды. 1945 жылдың наурыз айына дейін Іле аймағының он бір ауданы тегіс гоминьдандықтардан азат етілді. 8 сәуірде Шығыс Түркістан Республикасы уақытша үкіметінің Ұлттық армиясы құрылды.

Армия қосынын негізінен қазақтар құрады. Оның құрамында, сондай ақ ұйғыр, татар, өзбек, қырғыз, дүнген, сібе (сибо) дағұр сынды және т.б. халықтардың жастары болды. Әскери басшылар ұйғыр, татар, қазақтардан қойылды. Кеңес Одағының әскери мамандары оларға кеңесші болды және техникалық жәрдем берді.

1940 жылы Көктоғай, Шіңгіл ауданының қазақтары көтерілген болса, 1941 жылы оларға Қаба-Сауырдағы бауырлары үн қосты. Одан кейін Шәуешек, Толы, Дөрбілжін, Сауан-Манастықтар атқа қонды. Араға жыл салып барып, Әкбар, Сейіт батырлар бастаған Іле қазақтары аса ауқымды да кешенді көтерілістерін бастап жіберді. Осы көтерілістер XX ғасырдың бел-ортасында 1944-1949 жылдар аралығында бес жылдай өмір сүрген әйгілі Шығыс Түркістан Республикасының құрылуына негіз болған ұлт-азаттық көтерілістердің басы еді. Сөз болып отырған саяси-әлеуметтік жағдайлардың бәрі өмірге келген күннен бесігін тербеп есейткен, өсе келе санасын ұлттық ар-намыспен суарған, әрісі күллі түркі жұртының қаһарман перзенті, берісі қазақ халқының бірегей баһадүр ұлы, ұлы қолбасшы Оспан Исламұлы болатын.

Оспан батырдың ат жалын тартып мінген кезі Шығыс Түркістан халықтарының басына отаршылдардың әңгіртаяғы оңды-солды ойнап тұрған тұсқа тура келді. Әсіресе, жендет Шың Шицайдың 1930 жылдардың соңы мен 1940 жылдардың басында «Ел-жұрттарыңның қолындағы мылтықты жинатып бермедіңдер» деген сылтаумен бір ғана Алтай аймағының әр ауданынан Баймолда Қареке, Қалел тәйжі, Шәріпхан Көгедайұлы, Әлен уаң, Бұқат бейсі, Жанымхан тәйжі, Дәлелхан тәйжі (Сүгірбаев), т.б мыңдаған ел ағалары мен игі-жақсыларды тұтқындап, алдын түрмеде өлтіре бастауы Оспан батыр бастаған арлы-намысты, ұжданды ерлердің қанды кегін қозғады. Әсіресе, әйгілі діни ғұлама, ағартушы-ақын Ақыт қажы Үлімжіұлы мен оның ұлы Қалманды тұтқындауы, олардың мал-мүлкін тәркілеп, ақынның барлық кітаптары мен қолжазбаларын, Құранын жыртып, аяққа таптап қорлауы, жұрттың көз алдында отқа жағуы – тұтанып келе жатқан отқа май құйып жібергендей болды [2, 59].

Осылайша, Алтайдың түкпір-түкпірінен Ырысхан, Сүлеймен, Рахат, Қалман, Сәли, Зейнел, Есімхан, Оспандар бастаған қарулы көтеріліс оты тұтанып, Шың Шицай әскерімен қиянкескі қанды шайқас басталып кетеді. Көтеріліске жетекшілік ету Оспан Исламұлына жүктеледі. 1940 жылдың соңында Есімхан, Ырысхан қатарлы көтеріліс көсемдері Шың Шицайдың уағдасына сеніп, қаруларын тапсырып, келісімге келгенде, тек жалғыз Оспан батыр ғана қаруын тапсырмай, өзіне ілескен сарбаздарын бастап, тау сағалап қашып кетеді. Содан бастап Оспан батырдың тобы отаршылдыққа қарсы күреске шындап бел буғандармен, Қытай билеушілерінен қорлық-зорлық көріп, батырды паналап барғандармен толыға береді. 1941 жылдың күзінен бастап төңірегіне жиналған, езгіден қиналған халық тарапынан Оспан батырға Алтай өңіріндегі Қытай отаршылдарына қарсы көтерілістерге қолбасшылық ету міндеті жүктеледі. Осыдан кейін Оспан батыр жатпай-тұрмай қосынын қайта жасақтап, көтеріліс қанатын тұтас Алтай өңіріне жая бастады.

1940 жылдың басында Көктоғай ауданындағы Молқы руының үкірдайы (болыс) Есімхан Иманбайұлы мылтық жинағалы келген аудан әкімі Шүй Ыр Линді жеті адамымен өлтіріп, қаруын алды, Қарақас Ақтеке би сақшы Сарноғаймен қоса үш адамды өлтірді, осылайша екі рудан жеті жүз түтін көтеріліске шығады. Оларға Шіңгілден Ырысбек бастаған сексен әскер төтеп беруге жіберіледі, көтерілісшілер оларды түгелімен жояды, тек үш-төрт адам ғана құтылады, жүз түйе, әскери заттар олжаға түседі. Осы соғыста Сүлеймен Нүсіпұлы мергендігімен көзге түседі. Осыдан соң Ноғайбай, Ырысхан, Зәтелбай, Мұса мерген бастаған мың отбасы Шіңгіл елі көтеріліске қосылады. Бір ай бойы соғыс болып, Ноғайбай, Зәтелбай бастаған қырықтан аса азамат ерлікпен қаза болады, бес жүзден аса Қытай әскерін жойып, бес жүзден аса қару, жеті жүз ат, үш жүз түйе, әскери заттарды олжалайды [3, 201]. Көтерілісшілер тіпті күшейеді. Одан соң Моңғолия шекарасына барғанда Моңғол әскерлері оқ атып, қамысқа өрт қойып, жүзден аса адам опат болады. Есімхан, Ақтеке, Мұса мерген бастаған топ үлкен Қаптыққа кетеді, Сүлеймен бастаған жүзден аса жігіт Қарамайлыға бекінеді. Қаптыққа беттеген елді екі мың атты әскермен қуалайды, осы соғыста жау әскерінен үш адам ғана құтылып, қалғаны түгел қырылады, Мұса мерген осы соғыста оққа ұшады, Кішікей атты қазақ орыс генералын жекпе-жекте өлтіреді. Орыс генералының басын сұрағанда Ырысхан: «Сендер бізге Мәскеуге апарып, атып тастаған Әлиханның басын әкеліп берсеңдер, береміз!» деп жауап қайтарған [4, 319].

Сол кезде Оспан батыр қырық адаммен барып, қырық жауды өлтіріп, екі жүз түйеге артылған әскери заттарды қолға түсіреді, осыдан бастап «Оспан батыр» атала бастайды. Көтерілісшілер ақылдаса келе, үкіметке мынадай талаптарды қояды:

- Қолға алынған барлық Алтай уәкілдерін босату, өлгендерінің сүйегін беру;
- Көктоғай-Шіңгілде сақшы мекемесін құрмау;
- Алтайда қазақтардың басшы болуы;
- Өткен істі қозғап, қудалаудан бас тарту;
- Қаруды жимау;
- Қиыншылықта қалған малшыларға үкімет тарапынан көмек беру.

Шың Шысай «қару жимау» деген шарттан басқасының бәрін қабылдағанын білдіріп, талаптарды мақұлдайды, ал Алтайға қазақтар басшы болу деген шарттың өзінен Көгедай заманынан бергі жалғасқан Алтай қазақтарының өзін-өзі басқару дағдысын қайта жаңғырту тілегін көруге болады. Шарт бойынша бір бөлім адамдар босайды. Бұқат Алтайға уәли, Жанымхан орынбасары болады, Дәлелхан Сүгірбай Сарсүмбенің орынбасар әкімі, Рахат халел Көктоғай әкімі, Кәдірбай Көктоғай сақшы бастығы, Көксеген Шіңгіл әкімі болады. Осыдан соң қарудың көбі тапсырылып, көтеріліс уақытша тоқтайды.

1943 жылы шілде айында Моңғолиядан Оспан батырға елшілер келіп, кездесіп қайтады, қыркүйек айында Оспан батыр Моңғолияға Қапас, Шердиман қатарлы уәкілдерін жіберіп, бұдан былай моңғол шекарасын мазаламайтынын, кеңестік кеншілерге тиіспейтінін, есесіне Моңғолияға мал апарып, қаруға

айырбастауға жол қоюын талап етті. Қазан айында Шіңгілдің Бұлғын өзені бойында Алтай қазақтарын көркейту комитеті құрылып, Оспан батыр басшысы болып тағайындалады, Сұлубай әскербасы сардар болып сайланады, әр руға хат жазылады. Осы жиында мынадай 8 түрлі мақсат алға қойылады:

- Қазақ ұлтын еркіндікке, теңдікке шығару;
- Алтайдың әр ауданын қазақтар өздері басқарып, өздері үкімет құру;
- Алтайда қазақ қарулы күштерін құру;
- Қытай үкіметі қолға алған адамдарды босатып алу;
- Қытай үкіметінің қазақ малшылардың малына тиісуінен сақтану;
- Үкіметке алым-салық төлемеу;
- Алтайдан қытайларды қуып шығу, қытайлардың қоныстануын шектеу;
- Кеңес Одағы, Моңғолия сияқты елдермен сауда, барыс-келісті күшейту.

1945 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға беталды да, үш ірі держава халықаралық жаңа тәртіп орнатуда ұсақ ұлттардың мүддесін құрбандыққа шалудан тайынбады. 1944 жылы Кеңес одағы Шығыс Түркістан Республикасын не мақсатта құрғандығының сыры әлі күнге ашылған жоқ. Кеңес одағы Ялта кеңесінде Моңғолияның дербестігін сақтауды алға тартты және араға Америка Құрама Штаттарын салып, Гоминьдан үкіметін көндірді. Бірақ, Гоминьдан үкіметі Кеңес одағының Маньчжуриядан уақытша шегінуін, Шыңжаңды Қытай территориясы ретінде мойындауын және ондағы ұлттардың көтерілісіне қолдау білдірмеуін талап етті. Бұл талабы Кеңес одағы жағынан қабыл алынды. Ал, шын мәнісінде Кеңес одағы Алтай қазақтарының мүддесін бұл келісімнен бұрын-ақ құрбандыққа шалған еді.

1946 жылы Кеңес одағы ядролық қару жасауға күш салған тұста, Көктоғайда мол уран қорын тауып, уран кенін ашады. Сол жылы Қытайда АҚШ қолдауындағы Гоминьдан үкіметі мен Кеңес одағы қолдауындағы Компартия арасында азаматтық соғыс қайта жанданды. Құрама Штаттар Кеңес одағының ядролық қару өндіру, уран қорына ие болуына кедергі келтіру мақсатында Қытайдың Гоминьдан үкіметі арқылы Алтайдағы төңкеріс жетекшісі Оспан батырмен байланыс орната бастайды. Нәтижесінде, Оспан батыр мен Гоминьдан билігі қою қарым-қатынас орната бастайды. Сол жылы Оспан батыр Көктоғай мен Шіңгілдегі ел ағаларының басын қосып, жиын өткізеді. Содан бастап Көктоғай мен Шіңгіл халқы ШТР немесе біріккен үкіметке салық төлеуден бас тартады. Бұл дербестік алудың белгісі еді. Сол тұстағы үкімет басшылығындағы Дәлелхан Сүгірбаев пен Ысқақбек генерал Оспан батырды райынан қайтаруға да құлшынып көреді, бірақ бұл әрекеттері сәтсіз аяқталады [5, 224 б.].

ШТР үкіметіне қарасты адамдар кейін толықтай коммунистерге бағындырылады. Үкімет басшылары компартия жақтастары ретінде жоғары мансаптарға отырады. 1954 жылы ШТР-ға қарасты үш аймақты (Алтай, Тарбағатай, Іле) Кеңес Одағы ұйғырлардың басшылығына берген болса, Шыңжаңды бағындырғаннан кейін Қытай компартиясы ондағы қазақтар санының басымдығын ескеріп, Іле қазақ автономиялы облысы етіп құрады.

1941 жылы соғыс басталды. КСРО Германиядан жеңілсе, өз басына қауіп төнетінін сезген Шың Шысай достықтан бас тартты. Шыңжаңның коммунистерге қарсы күштердің ықпалында кетуіне алаңдаған Сталин жергілікті қазақтардың батыры Оспанды қолдап, өлкені Қытаймен арада буферлік зона ретінде сақтап қалуды ойластырды. Сол жылы Алтайдағы консул Владимир Красильников, елші орынбасары Баймурзин арқылы арнайы шара қабылдай бастады.

Оспан батырдың қолбасшыларының бірі Нұрғожай батыр өз естелігінде: «КСРО 1942 жылы 20 қарашада Шығыс Түркістанды тәуелсіз ел деп жариялады әрі Оспанды келіп тауып, Шығыс Түркістан Бұлғын Ақ Үй Соғыс Комитетін құрған еді» - деп жазған [6, 351 б.]. Бұл кездесу туралы Владимир Красильников «Синьцзянское притяжение» атты естелік кітабында жазған. 1943 жылдың аяғында Коминтерн тарап кетті.

1944 жылы қарашада Шығыс Түркістан Республикасы құрылды. Алайда Әлихан төре бастаған биліктегілер КСРО-да тәрбиеленген адамдар еді. Шығыс Түркістан төңкерісі кенеттен «Үш аймақ төңкерісі» деп өзгертіліп, ұлттық армия таратылды. Тіптен, 1945 жылдың соңында Қытай Гоминьдан Үкіметімен келіссөздерді бастап, қолдағы жеңістен бас тартты. Қытай коммунистеріне көмектесу үшін Манастағы соғыс армиясының Үрімшіні басып алуы шектелді. Дәлелхан Сүгірбаев, Жағда Бабалық бастаған Ұлттық армияны Оспан батырдың армиясына қарсы соғысқа айдады. Шарқи армиясы дегеніміз осылар еді [7].

Бұл қазақтардың наразылығын тудырып, Шығыс Түркістан Республикасына сенімнен қалдырды. 1945 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды. Жеңіске жеткен КСРО іле-шала Қытай коммунистеріне көмектесіп, Маньчжуриядағы жапондардың Квантун армиясын жойып жіберді. Осылайша қолдау тапқан жергілікті коммунистер Гоминьдан билігіне қарсы шабуылға көшті. Сталин мұнда коммунистік режимді орнықтыру арқылы әлемдік билікке жетуді көздеді.

Сол үшін Шыңжаң мәселесі өзекті болмай қалды. Оны басы бүтін Мау Цзэдунға берді. Шығыс Түркістан Республикасындағы көмекші күштер мен әскерилерін Қытай Компартиясына жіберді де, Республиканы жойды. Тіптен, Оспан батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қарсы әскер, соғыс ұшақтарын жіберіп, қазақтарды қырды. Сол кезде Баркөл жеріндегі елді бомбалаған ұшақтардың КСРО-ныкі екенін Оспан батыр әскерінің құрамында болған, бұрын Курчатова туып, Қытайға қашып барған орыс солдатты Василий Званцов жазған [8, 258 б.].

Олар «қызылдардың» тепкісіне төтеп бере алмады. 1947 жылы Шонжы қаласында Қытай Республикасының Президенті Жияң Жиешінің әскери кеңесшісі Шыңжаң өлкелік гарнизонының қолбасшысы, генерал-лейтенант Сұң Чилан Оспан батырмен кездесті.

Жазушы Жақсылық Сәмитұлы «Қытай қазақтары» деген еңбегінде Оспан батырдың былай дегенін жазған: «Біз, Шыңжаңдағы қазақтар мен Кеңес Одағындағы, Қазақстандағы қазақтар бұрыннан қандаспыз. Кеңес Одағы Қазан төңкерісінен кейін Ресей қоластындағы қазақтарды жауыздықпен жаныштады. Көп адам қырылды. Мал-мүлкі тәркіленді. Діни сенімнен жұрдай болды. Қазір

Шыңжаңда жасап отырған кейбір қазақ рулары Ресейден қашып келген. Сондықтан, біз, қазақтар, Кеңес Одағынан төтенше қорқамыз және оларға өлердей өшпіз» [9, 319 б.].

1945 жылдың соңына қарай КСРО мен қызыл Қытайдан үмітін үзген Оспан батыр Гоминьдан билігімен ымыраға келді. 1950 жылы сәуірдің аяғында Баркөл мен Мори және Шіңгіл аудандарының аралығындағы Хасантуда отырған Оспан ауылына жүздеген адаммен қашып, Құмыл қаласының әкімі Жолбарыс келеді. Оның үстіне Гоминьданнан қалған үш мың адамдық әскер Оспанға келіп қосылды. Осыдан кейін Оспан тобы «Коммунистерге қарсы күрес комитетін» құрған. Бүкіл әскердің бастығы Оспан батыр, ал оның орынбасары Жолбарыс болып белгіленген.

Оспан батыр ол кезде КСРО-дан да, Моңғолиядан да үмітін үзген. Оспан мен Сұлтаншәріп ауылы Баркөлден Ганусуға өтеді. Аратүрік, Құмылдың солтүстігін басып, Миңшүй арқылы Ләнжу қаласына жақын жерден Қалибек пен Қамза бастаған көш Сауан ауданынан Қарашәріге өтіп, Лопнұр көлі арқылы Гаскөлге келді. Сондағы көздегендері үш мақсат еді.

Біріншіден, АҚШ бастаған шетелмен Тибет және Үндістан арқылы байланысқа шығу, көмек сұрау еді. Екіншіден, мұнда бой тасалап келген қазақ көп. Солардан әскер құрап, күш жинап, Шыңжаңға қайту. Үшіншіден, соғыстан қалжыраған сарбаздарды аз да болса демалдырып алу. Ауыл басшылары Тибет арқылы Үндістанға көшуді көздеген. Соғыс пен көшке керекті азық-түлік пен тұрмыстық заттарды әкелуге Дүнхуаң қаласына қырық адамнан құралған керуенді жөнелтеді. Олардың ішінен қытай, дүнған тілдерін білетін екі жігітті елдің жағдайын біліп, ауқымды аңдауға бөлген. Оспанның ағылшын кеңесшілері жағдайды көрген соң Тибет асып, Үндістанға өтіп кеткен еді. Алайда, олар да мүмкіндік болса көмектесетіндерін айтқан. Соңынан ерген қаруластарын, үміт күткен ел-жұртын қиып кете алмады. Оның үстіне Коммунистерге қарсы күрес комитетінің төрағасы миссиясы бар еді.

Екінші жағынан, қызыл Қытайдың әскерлерінің қуатын төмен бағалаған. Себебі, бұрынғы тек винтовкамен, бірер автоматпен қаруланған Гоминьдан әскерімен соғысу өте оңай еді.

Оспан батыр бастаған көтеріліс тарихын зерттегенде, КСРО-ның оған «әлеуметтік бандит» деп ат қойғанын, Батыс елдері зерттеушілерінің «Робин Гудқа» теңегенін, Шыңжаңдағы орыс эмигранттары мен қытайлардың «құйыршық» деп атағанын, ал Шыңжаңнан келген Жағда Бабалықовтың 1946 жылғы «11 тармақты бітімнен» кейін қазақ екіге жарылды. 80-85 пайыз қазақ «Шығыс түркістаншылдар» жағында қалды да, азғантай керей Оспан жағында қалды. Дәл осы Ж.Бабалықов Оспан батырдың 1946-1949 жылдардағы күрес кезеңін – «гоминьдандық Қытайдың қолдауымен қару-жарақ көмегін алғаннан кейінгі күш алып, азаматтық соғыс қозғаған ең күнәкар, қаралы кезеңі» [10, 68 б.] деп бағалаған болатын.

ҚОРЫТЫТЫНДЫ. Ата-бабасының жерінде дербес мемлекет құруға ұмтылған Алтайдың соңғы ханы – Оспан Исламұлының тұлғасын объективті тану, оның күресіне тарихи баға беру аса ауыр. Алып империялардың геосаяси мүддесіне барып соқтығысатыны аздай, Шыңжаң қазақтары арасында болған азамат соғысы аясындағы руаралық қақтығыстар да тарихи жадымыздан өшкен жоқ. Бірақ, КСРО, ҚХР, АҚШ, Англия, Жапония және Моңғолия арасындағы саяси ойын аренасында қалып, өз халқының азаттығы жолында арыстандай арпалысқан Оспан Батырдың тұлғасын тарихи құжаттар негізінде танып-білу аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ол енді алдағы уақыттың еншісі.

Мәскеу қаласындағы Ресей Федерациясының мұрағаттарында сақталған құжаттарға қарай отырып, дүниежүзілік социализм идеясы ойын толық билеп-төстеген И.В. Сталин басқарған КСРО-ның Шыңжаң мұсылмандарының тағдырымен ойнағанын, өздері құрған мемлекетті өз қолдарымен тұншықтырып, 1949 жылы ШТР басшыларының көзін жою арқылы өздерінің екіжүзді саясатын жасырғанын айқын түсінуге болады. КСРО Саяси бюросының басшылығымен Мао Цзедун басқарған ҚХР-ның дамуына жан-жақты қолдау көрсетті. Саяси бюроньң «ерекше папкаға» жинақталған құпия шешімдерінен ҚХР әскерінің, қорғаныс жүйесінің, әуеге қарсы қорғанысының, радио-телеграф жүйесінің және т.б. халық шаруашылығы салаларының тікелей Кеңес Одағы тарапынан қамқорлыққа алынғанын және кеңестік мамандардың XX ғасырдың 50-жылдарында Қытай экономикасын қалай көтергенін көруімізге болады.

Қорыта айтқанда, Сталин басқарған Саяси бюроньң екіжүзді саясаты Шыңжаң халықтарының тағдырына және Кеңес-Қытай қарым-қатынастарына кері әсер етті. Ол жердегі түркі-мұсылман халықтары 1944 жылы қол жеткізген саяси тәуелсіздік бесігінде тұншықтырылды. Шығыс Түркістан түркілері азаттығынан мәңгіге айырылып, қытайландыру саясатының құрбаны болды. Шығыс Түркістан Республикасының құрылу тарихында зор рөл атқарған Оспан батыр бастаған Алтай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы шынайы тәуелсіздікке ұмтылыстың жарқын көрінісі болды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Асқар Татанайұлы / «Тарихи дерек, келелі кеңес» / 2-кітап, Үрімші. Шыңжаң халық баспасы. 1996 жыл.
- 2 «Алтай аясы» журналы. 2001 ж., №3.
- 3 Жаналтай Д. «Қилы заман, қиын күндер». Алматы, 2000, 99 б.
- 4 И. Байғали. «Шәуешек тарихынан деректер». Мақала / «Шыңжаң қоғамдық ғылымы» журналы, 1993 ж., №2.
- 5 «Қазақ шежірелері». 1-том. Іле халық баспасы. 1993 ж.
- 6 Қ. Мұқанұлы / «Ғылыми зерттеу мақалалары», Ұлттар баспасы 2003 ж., Бейжің.
- 7 «Қытай жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», Ұлттар баспасы, 1998 ж.

8 Н. Мұхамедханұлы. «Қазақ тарихынан зерттеулер». Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 1989 ж.

9 «Ұлт қамы – ұлағатты іс» / Қ.Сейітханұлы, Ж.Шәрбекұлы / Шыңжаң халық баспасы, 2006 ж.

<https://vlast.kz/istorija/36024-velikij-ishod-kazahov-iz-sinczana.html> (сайтқа жүгінген күні: 10 қараша 2020 жыл)

ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ВРЕМЕННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ ВОСТОЧНЫЙ ТУРКЕСТАН И БОЕВЫЕ ДЕЙСТВИЯ НА АЛТАЕ

Аннотация: Рассмотрены вопросы формирования Временного правительства Республики Восточный Туркестан и военных действий на Алтае в 40-е годы XX века. На основе исторических источников показано развитие национально-освободительного движения алтайских казахов и других тюрко-мусульманских народов под руководством Оспан Батыра, сыгравшего важную роль в истории создания Республики Восточный Туркестан.

Ключевые слова: Восточный Туркестан, национально-освободительное движение, Оспан Батыр, политика СССР, советско-китайские отношения.

FORMATION OF THE PROVISIONAL GOVERNMENT OF THE REPUBLIC OF EAST TURKESTAN AND MILITARY OPERATIONS IN ALTAI

Abstract. The issues of the formation of the Provisional Government of the Republic of East Turkestan and military operations in Altai in the 40s of the XX century are considered. On the basis of historical sources, the development of the national liberation movement of the Altai Kazakhs and other Turkic-Muslim peoples under the leadership of Ospan Batyr, who played an important role in the history of the creation of the Republic of East Turkestan, is shown.

Key words: East Turkestan, national liberation movement, Ospan Batyr, Soviet policy, Soviet-Chinese relations.

Сведения об авторах:

Г.Тынай магистрант 2-го курса, специальности «История», Gulmira.kz_91@mail.ru, Р.К. Нурбекова к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана, Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова, К.С. Калиева к.и.н. РФ и РК, доцент кафедры истории Казахстана и социально-политических дисциплин, kskalieva@mail.ru, Восточно-Казахстанский технический университет имени Д.Серикбаева, Усть-Каменогорск, Казахстан.

G. Tynay 2nd year undergraduate student specialty "History", Gulmira.kz_91@mail.ru, R.K. Nurbekova PhD, associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, S. Amanzholov East Kazakhstan University,

K.S. Kaliyeva PhD RF and RK, associate Professor of the Department of History of Kazakhstan and Socio-Political Disciplines, kskalieva@mail.ru, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan